

# БІЛІМ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ АРТТЫРАДЫ

**Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарының болашағына ғана емес, бүгіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан әрдайым білім саласына ерекше басымдық берілетіні де түсінікті.**

Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кететін жас мамандар бүгіннен тәрбиеленіп, елдің дамуына үлес қосады деген сенім мол.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақа-

ласында ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетті. Сондай-ақ, онда сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілгенді.

Бүгінде жиі естіп жүрген ұлттық код ұғымын құлыпты ашатын құпия кілт ретінде қабылдасақ болатындай. Демек, қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтамыз. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, қазаққа ғана тән ерекше қасиеттер, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге

апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап емес.

Саяси, экономикалық реформаларда еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ол адамның құндылығы, рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға мән бермесек, мұнымыз үлкен қателік болатынын көрсетті. Еліміздің болшақтағы келбетін анықтайтын – бәсекеге қабілеттілік. Бәсекеге қабілеттілік білімде, саясатта, экономикада, руханиятта, яғни барлық салада болуы керек. Қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың кілті – білімде болғандықтан, саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру – Қазақстанның негізгі бағыттарының бірі.

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында екенін ескерсек, ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға;

қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» дегендей білімі мықты болуы үшін еліміздің білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілікті дамытуымыз керек.

**Абай ТҰРСЫНБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ «Физика»  
кафедрасының  
меңгерушісі**